**1999 жылға арналған мемлекеттік бюджетті әзірлеу Қазақстан Республикасы Ішкі істер министрлігінің бағдарламалары мен кіші бағдарламаларын бекіту туралы**

Қазақстан Республикасы Үкіметінің ҚАУЛЫСЫ 1998 жылғы 4 тамыз N 740

"1999 жылға арналған республикалық бюджет туралы" Қазақстан Республикасы Заңының жобасын әзірлеудің кейбір мәселелері туралы" Қазақстан Республикасының Үкіметінің 1998 жылғы 25 шілдедегі N 703 P980703_ қаулысының 2-тармағын орындау үшін Қазақстан Республикасының Үкіметі ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:

1. Қазақстан Республикасының Ішкі істер министрлігі (1-қосымша), облыстық ішкі істер басқармалары (2-қосымша) үшін бағдарламалар мен кіші бағдарламалардың тізбесі бекітілсін.

2. Қазақстан Республикасының Ішкі істер министрлігі 1998 жылғы 10 тамызға дейін мерзімде 1 және 2-қосымшаларға сәйкес мемлекеттік тапсырыстардың тізбесі бойынша Қазақстан Республикасының Энергетика, индустрия және сауда министрлігінің және Қаржы министрлігінің келісімімен Мемлекеттік тапсырыс туралы тәртіпті бекітсін.

3. Облыстар мен Астана және Алматы қалаларының әкімдері 1998 жылдың 1 желтоқсанына дейін мерзімде Қазақстан Республикасының Ішкі істер министрлігімен келісім бойынша облыстық, қалалық, аудандық бюджеттердің және арнайы экономикалық аймақтар бюджеттерінің есебінен ұсталатын мемлекеттік мекемелердің тізбесін бекітсін.

4. Құпия.

5. Қазақстан Республикасының Ішкі істер министрлігі Қазақстан Республикасының Қаржы министрлігімен бірлесіп бір айлық мерзім ішінде қолданылып жүрген нормативтік құқықтық актілерге тиісті өзгерістер енгізсін.

Қазақстан Республикасының
Премьер-Министрі

Қазақстан Республикасы
Үкіметінің
1998 жылғы 4 тамыздағы

N 740 қаулысына
1-қосымша

Республикалық бюджеттен қаржыландырылатын
Қазақстан Республикасы Ішкі істер министрлігінің
бағдарламалары мен кіші бағдарламалары

| N | Атаулар | 1998 жылғы қаржыландыру нысаны | 1999 жылға арналған қаржыландыру нысаны |
|---|---|---|---|
| 3 | Қоғамдық тәртіппен қауіпсіздік | | |
| | Республикалық деңгейдегі әкімшілік шығындары | Ұстауға | Ұстауға |
| | Орталық органның аппараты | | |
| | Ішкі әскерлер бас басқармасының аппараты | | |
| | Аппарат пен аумақтық басқармалар | | |
| | Қылмыстық атқару жүйесі департаменті | | |
| | Көлік полициясының аппараты мен бөлімшелері | | |
| | Арнаулы полицияның аппараты мен бөлімшелері | | |
| | Ішкі істер органдарының жедел-тергеу аппараттары мен бөлімшелері | | |
| | Республикалық деңгейде қоғамдық тәртіпті қорғау және қоғамдық қауіпсіздікті қамтамасыз ету | бұл да | бұл да |
| | Мемлекеттік мекемелер | | |
| | Ішкі әскерлердің құрамалары мен бөлімдері | | |
| | Республикалық деңгейде орындалатын мемлекеттік тапсырыстар | бұл да | Көрсетілген қызметтер үшін |
| | Сотталған адамдарды ұстау | | |
| | Ғимараттарды күту және министрлік қызметкерлерінің қызметін | | |

| | | | |
|---|---|---|---|
| | қамтамасыз ету | | |
| 4 | Білім беру | | |
| | Арнаулы орта оқу орындарында | бұл да | Ұстауға |
| | кадрларды даярлау | | |
| | Мемлекеттік мекемелер | | |
| | Ақтөбе заң колледжі | | |
| | Ақмола заң колледжі | | |
| | Павлодар заң колледжі | | |
| | Шымкент заң колледжі | | |
| | Семей заң колледжі | | |
| | Алматы заң колледжі | | |
| | Жоғары оқу орындарында кадрларды | бұл да | бұл да |
| | даярлау | | |
| | Мемлекеттік мекемелер | | |
| | Алматы заң институты | | |
| | Алматы техникалық институты | | |
| | Қостанай заң институты | | |
| | | | |
| | Кадрларды қайта даярлау | Ұстауға | Ұстауға |
| | Мемлекеттік мекемелер | | |
| | Бастапқы даярлау училищесі | | |
| | | | |
| 5 | Денсаулық сақтау | | |
| | Ішкі істер органдарының | | |
| | қызметкерлері мен әскери | | |
| | қызметшілерін емдеу | | |
| | Мемлекеттік мекемелер | | |
| | Емханасы бар орталық госпиталь | бұл да | бұл да |

Қазақстан Республикасы
Үкіметінің
1998 жылғы 4 тамыздағы
N 740 қаулысына
2-қосымша

Жергілікті бюджеттерден қаржыландырылатын
ішкі істер басқармаларының бағдарламалары мен кіші
бағдарламалары

| N | Атауы | 1998 жылғы қаржыландыру нысаны | 1999 жылға арналған қаржыландыру нысаны |
|---|---|---|---|
| 3 | Қоғамдық тәртіп пен қауіпсіздік | | |
| | Жергілікті деңгейдегі әкімшілік | Ұстауға | Ұстауға |
| | шығындары | | |
| | Ішкі істер органдарының аппараттары | | |
| | мен қоғамдық тәртіп пен қауіпсіздік | | |
| | ті қорғау жөніндегі бөлімшелері | | |
| | Жол-сақшылық қызмет пен жол- | | |
| | қадағалау аппараты мен бөлімшелері | | |
| | Мекен-жайлық-анықтамалық бюро | | |
| | Кәмелетке толмағандар ісі жөніндегі | | |
| | инспекция | | |
| | Қылмыстық-атқару инспекциялары | | |
| | Жергілікті деңгейде қоғамдық | | |
| | тәртіпті қорғау және қоғамдық | бұл да | бұл да |
| | қауіпсіздікті қамтамасыз ету | | |
| | Мемлекеттік мекемелер | | |
| | Медициналық айықтырғыштар мен | | |
| | медициналық айықтырғыштардың | | |
| | жұмысын ұйымдастыратын милиция | | |
| | бөлімшелері | | |
| | Кәмелетке толмағандарды уақытша | | |
| | оқшаулау, бейімдеу және оңалту | | |
| | орталығы | | |
| | Белгілі бір тұратын жері мен | | |
| | құжаттары жоқ адамдарға арналған | | |
| | қабылдағыш | | |
| | Әкімшілік тәртіппен қамауға алынған | | |
| | адамдарға арналған арнайы | | |
| | қабылдағыштар | | |
| | Республикалық деңгейде орындалатын | бұл да | Көрсетілген |
| | мемлекеттік тапсырыстар | | қызметтер үшін |
| | Үйлерді күту және | | |

| | | | |
|---|---|---|---|
| | қызметкерлердің қызметін | | |
| | қамтамасыз ету | | |
| | | | |
| 4 | Білім беру | | |
| | Арнаулы орта оқу орындарында | бұл да | Ұстауға |
| | қоғамдық тәртіп пен қауіпсіздік | | |
| | саласында кадрларды даярлау | | |
| | Кадрларды қайта даярлау | бұл да | бұл да |
| | | | |
| 5 | Денсаулық сақтау | | |
| | Жергілікті деңгейдегі кең бейінді | | |
| | ауруханалар | | |
| | Мемлекеттік мекемелер | | |
| | Госпитальдар | Ұстауға | Ұстауға |

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК